

«АСТАНА» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ
БІРІНШІ ИНСТАНЦИЯДАҒЫ СОТЫНДА

21 шілде 2023 жыл

№: AIFC-C/CFI/2023/0031 ic

№: AIFC-C/CFI/2023/0032 ic

Талап қоюшы

«PLS ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ-ҚҰРЫЛЫС КОМПАНИЯСЫ» ЖШС

Жауапкер

НАЗАРБАЕВ БОЛАТ ӘБІШҰЛЫНА

қарсы

ЖӘНЕ

Талап қоюшы

«PLS ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ-ҚҰРЫЛЫС КОМПАНИЯСЫ» ЖШС

Жауапкер

«АЛМАТЫ АУЫР МАЖИНАЖАСАУ ЗАУЫТЫ» АҚ-қа

қарсы

ШЕШІМ

Сот Төрағасы:
Мәртебелі Лорд Манс

ШЕШІМ

1. Осы екі іс АХҚО сотында Тараптардың келісімі бойынша Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 7 желтоқсандағы № 438-V ҚРЗ, өзгерістер мен және толықтырулар енгізілген Конституциялық заңының 13-бабы 4-тармағының 3-тармақшасында көзделген Сот юрисдикциясына сәйкес, сондай-ақ АХҚО сотының 2017 жылғы 5 желтоқсандағы Регламентінің 26-бабының (1)(с), (2), (9) және (10) тармақтарына сәйкес басталды.
2. Әр іс бойынша Талап қоюшы ретінде "PLS инвестициялық-құрылыс компаниясы" ЖШС ("PLS инвестициялық-құрылыс компаниясы"), ал Жауапкерлер ретінде - №31 істе Болат Назарбаев мырза және №32 істе "Алматы ауыр машинажасау зауыты" АҚ ("ААМЗ") болып табылады. «PLS инвестициялық-құрылыс компаниясы» ЖШС осы іске қатысатын "PLS-TM В. К. Isatai" ("PLS-TM") ЖШС-ынан бөлек компания болып табылады. Олар әртүрлі құрылтайшылары болған, бірақ қазіргі уақытта бір компаниялар тобының бөлігі болып табылатын компаниялар екендігі Сотқа түсіндірілді.
3. Регламенттің 26-бабының (1)(с) және (2) тармақтарына сәйкес, Соттың юрисдикциясы тараптар, оның ішінде АХҚО-да тіркелмеген тараптар да, дауға дейін немесе одан кейін Сотқа юрисдикция беру туралы келісім жасасу арқылы Соттың юрисдикциясына "келісетін" жағдайларға қолданылады. Алайда, Регламенттің 26-бабының (9) және (10) тармақтары мыналарды көздейді:

"(9) Даудың Сот юрисдикциясына жататын-жатпайтындығына қатысты кез келген даулы істі Сот анықтайды, оның шешімі түпкілікті болып табылады.

(10) Соттың юрисдикция иеленуіне Тараптардың тікелей келісімін Сот қарайды және егер Сот орынды немесе мақсатқа сәйкес деп санаса, Сот өз юрисдикциясынан бас тарта алады немесе дауды Қазақстан Республикасының басқа сотына жібере алады".
4. Осы екі істе тікелей сұрақ туындайды: Сот үшін оған тараптардың келісімі бойынша берілген юрисдикцияны жүзеге асыруы туралы мәселе мақсатқа сәйкес пе немесе орынды ма деген.
5. Осы істердің 1990 жылдардағы жекешелендіру кезеңінен бастап өте үлкен тарихы бар. 1998 жылғы 18 ақпанда Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті (ҚМ ММЖК) "Алматы ауыр машинажасау зауыты" АҚ ("АЗТМ") акцияларының 31,9% -ын әртүрлі міндеттемелердің, соның ішінде ААМЗ бизнесі өзгеріссіз қалатыны туралы міндеттеменің негізінде "Темір-Кон" ЖШС-ға ("Темір-Кон") сатты. 2007 жылғы 2 сәуірге қарай бұл акциялар Болат Назарбаев мырзаға берілген, бұл, сірә, оған 2007 жылдан бастап ААМЗ акцияларының 86,7812% немесе соған жуық пайызынан тұратын акциялардың бақылау топтамасын қамтамасыз еткен.
6. 2007 жылғы 18 сәуірде ААМЗ Алматы қаласы жер қатынастары департаментінен Алматы қаласы, Төле би көшесі, 189 мекенжайындағы 37,6428 га жерді сатып алды, ал 2007 жылғы 17 мамырда осылай сатып алынған 26,5802 га жерді PLS инвестициялық-құрылыс компаниясына сатты. Шамамен сол уақытта олар тағы 3,0918 га жерді, түсінуімізше, жанама түрде, Болат Назарбаев мырзаға сатқан, ол шамамен екі жылдан кейін, 2009 жылғы 6 тамызда осы 3,0918 га

жерді PLS-ті инвестициялық құрылыс компаниясына табыстаған.

7. 2009 жылғы 1 сәуірде ҚМ ММЖК, Темір-Кон және Болат Назарбаев мырза арасында акцияларды 1998 жылғы 18 ақпанда бастапқы сатудан туындайтын жалғасып жатқан деп қарастырылған міндеттемелерді сақтау мақсатында Назарбаев мырзаның Темір-Кон орнын басқаны туралы келісімге қол жеткізілген; және 2009 жылғы 2 сәуірде Назарбаев мырза ААМЗ-ның 86,7812% акциясын, соның ішінде ол 2007 жылғы 2 сәуірде Темір-Коннан сатып алған 31,9% акцияны PLS-TM-ға сатты.
8. Әр түрлі уақыт кезеңдерінде ҚМ ММЖК міндеттемелердің орындалуын тексеру үшін консультанттар тартты, ал 2009 жылы "Баяу" фирмасының консультанттары олардың орындалмау фактісін анықтады. Бұл ҚМ ММЖК-ның 31,9% ААМЗ акциясын Назарбаев мырзаның PLC-TM компаниясына сатуы жөніндегі мәмілені жоққа шығару және осы акциялардың ҚМ ММЖК-ның мемлекеттік меншігіне қайтарылуына қол жеткізуге тырысуына әкелді. Алғашқы сәтсіздіктерден кейін Назарбаев мырза мен PLS-TM, ААМЗ-ның үшінші тұлға ретінде қолдауымен, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының азаматтық және әкімшілік істер жөніндегі Қадағалау сот алқасының шешімі мен Әуезов ауданының аудандық сотының, түсінуімізше, 2012 жылғы 30 қарашадағы апелляциялық инстанцияда күшінде қалдырылған 2012 жылғы 11 қыркүйектегі № 2 шешімі негізінде бұл талап қоюға қарсы тұра алды. 2012 жылғы 30 қарашада апелляциялық сатыда күшінде қалды.
9. Осыған қарамастан, 2022 жылғы 31 тамызда Қазақстанның Бас прокуратурасы (Алматы қаласының прокуратурасы) ҚМ ММЖК-ға (Алматы қаласы бойынша департамент) бұзушылықтарды жою туралы ұсыным жолдады, онда "Баяу" фирмасы 2014 жылы жүргізген қосымша тексеруге сілтеме жасап, Болат Назарбаев мырзаның 31,9% акцияны PLS-TM-ға сатуын ғана емес, сонымен қатар АЗТМ мүлкіне қатысты әртүрлі иеліктен шығаруларды немесе мәмілелерді, сондай-ақ мәмілелердің басқа да болжамды ерекшеліктерін міндеттемелер бұзылды деп болжау негізінде тікелей даулады. Соның ішінде, ААМЗ-ның 2007 жылғы 17 мамырда 26,5082 га жерді PIS Инвестициялық-құрылыс компаниясына сатуының және ААМЗ-ның 2007 жылғы мамырда 3,0918 га жерді Болат Назарбаев мырзаға сатуының жарамдылығы дауланды болды.
10. Бұзушылықтарды жою туралы ұсыныс алып, ҚМ ММЖК 2022 жылғы 16 қыркүйекте оны ААМЗ-ға және Болат Назарбаев мырзаға табыстады және ұсынымда баяндалғанға орай және Бас прокурордың хабарламасын орындау үшін олардың "[ААМЗ] акцияларын және оның мүлкін мемлекет меншігіне 10.10.2022 жылға [дейін] қайтару бойынша жұмыс жүргізулері" қажеттігін; және "осы хабарламаның талаптары орындалмаған жағдайда Департамент қолданыстағы заңнамаға сәйкес шаралар қабылдайтынын" ескертті.
11. Оқиғалардың осылай дамуына PLS-TM компаниясы ААМЗ-ның "қазіргі акционері ретінде" Қазақстанның Бас прокуратурасына Алматы қаласы прокуратурасының үстінен шағым түсірумен жауап бергені туралы Сотқа хабарланды. ААМЗ Қазақстан Республикасы Әкімшілік-процестік кодексінің 91-бабы бұзылып, бұл шағым өзі оның қарау объектісі болған және сөз болып отырған ұсынымды берген Алматы қаласы прокурорының орынбасарының тікелей қарамағындағылар шағымды қарауы тиіс болған Алматы қаласының прокуратурасына қайта бағыттағанын мәлімдейді. 2022 жылғы 28 қарашада Алматы қаласының Прокуратурасы бұл ұсыным үшінші тұлғалардың құқықтары мен міндеттерін іске асырмайтындықтан (яғни, болжам бойынша: қозғамайтындықтан), оны даулауға құқықтық негіз жоқтығы туралы жауап жіберді.

Апелляция берілген, оның нәтижелері немесе қаралуының барысы туралы АХҚО соты ақпарат алған жоқ.

12. Бас прокуратураның құқық бұзушылықтарды жою туралы ұсынымына қатысты ҚМ ММЖК-ның хабарламасына жауап ретінде PLS инвестициялық-құрылыс компаниясы 2022 жылғы 23 желтоқсанда осы талап арыздарды берді. №31 істе PLS инвестициялық-құрылыс компаниясы АХҚО сотынан 2009 жылғы 6 тамыздағы сатып алу-сату келісімшартын жарамсыз деп тануды сұрайды, бұл келісімшарт бойынша Болат Назарбаев мырзадан 3,0918 га жер сатылып алынған. №32 істе PLS инвестициялық-құрылыс компаниясы АХҚО сотынан 2007 жылғы 17 мамырдағы сатып алу-сату келісімшартын жарамсыз деп тануды сұрайды, бұл келісімшарт бойынша ААМЗ-дан 26,5082 га жер сатылып алынған.
13. Осы істердің әрқайсысында Жауапкерлер адал сатып алушылардың пайдасына жасалған жеке сатуларды даулау үшін негіздер жоқ деп мәлімдеп, талап арыздарға қарсылықтар берді. Болат Назарбаев мырзаның қарсылығында сонымен қатар жоғарыдағы 8-тармақта сөз болған акциялардың сатылуын даулауға алдыңғы талпынысынан мемлекеттің бас тартқаны көрсетіледі.
14. Оқиғалардың одан әрі дамуына назар аударған жөн. Жан-жағынан алып қарағанда, Бас прокурор Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының (бәлкім, бұл сол Азаматтық және әкімшілік істер жөніндегі қадағалау сот алқасы болар) алдында сөз сөйлеген және 2023 жылғы 2 наурыздағы шешімімен Әуезов ауданы аудандық сотының 2012 жылғы 11 қыркүйектегі № 2 шешімінің және оны күшінде қалдырған 2012 жылғы 30 қарашадағы апелляциялық ұйғарымның күші жойылуына және Назарбаев мырзаның PLS-TM компаниясына 31.9% АЗТМ акцияларын сатуы туралы 2009 жылғы 2 сәуірдегі келісімшарттың күшін жою туралы шешіммен оларды ауыстыруға қол жеткізді. Бұл, сөзсіз, акциялармен болсын немесе мүлікпен болсын бұрын жасалған мәмілелердің нәтижесінде туындайтын барлық мәселелерді нақты және түпкілікті шешудің мақсатқа сәйкестігін көрсеткенімен, осы мақсат үшін жоғарыда 6 және 12-тармақтарда сөз болған мүлікті сату жөніндегі мәмілелерге қатысты АХҚО соты қолайлы және уәкілетті сот болып табыла ма деген мәселе ашық күйінде қалып отыр.
15. Іс АХҚО сотында алғаш рет қаралған кезде, Сот тараптарға олардың позициялары туралы, соның ішінде, PLS инвестициялық құрылыс компаниясының өзі сатып алған жылжымайтын мүлік объектілерінің жарамсыздығын қорғауы және сондай-ақ (сонымен қатар) акциялар жөніндегі алдыңғы талқылауға қатысқандардың барлығына қатысты (өзімен бір компаниялар тобына кіретін PLS-TM компаниясын қоса) өзге позиция ұстануы қалайша орын алғандығы туралы сұрақ қойды. Жауапта PLS инвестициялық құрылыс компаниясы Бас прокуратураның және ҚМ ММЖК-ның позициясымен келіспейтіні айтылды, оны талап қоюшының өкілі "үстіртін бағалау" деп атайды; және мүлікті сату жөніндегі мәмілелердің жарамдылығын даулау туралы осы іске бастамашылық жасап, бұл позиция бойынша сенімді құқықтық шешім алғысы келеді. Алайда, іс жүзінде бірдей нәтижеге қол жеткізгісі келетін және оған қол жеткізуге коммерциялық қызығушылық танытатын тараптар арасындағы сот талқылауы барысында ең жақсы құқықтық талдау мен нәтижеге қол жеткізуге болатындығына күмән келтіру әділ болады.
16. Сот сонымен қатар Бас прокурордың және ҚМ ММЖК-ның хабарламасын орындауға

бағытталған талқылауды мұндай нәтижеге қол жеткізуге шынымен мүдделі адамдар осы кезеңде талқылау туралы ақпараттандырылмаған (Сотқа хабарланғандай) ҚМ ММЖК болып отырған жағдайда АХҚО сотында жүргізудің айқын қарама-қайшылығына тараптардың назарын аударды. Тараптар осы талқылаудың мәні болып табылатын сатып алу-сату мәмілелеріне мемлекет қатыспағанын атап өтті. Бұл дұрыс, бірақ Бас прокурордың бұзушылықтарды жою туралы ұсынымы мен ҚМ ММЖК-ның хабарламасы күшіне енген жағдайда, ҚМ ММЖК айқын пайда алушы болып табылатындығы фактісін жоймайды.

17. Ұсыныстарды тыңдағаннан кейін және барлық тараптар мұны істемеу керек деп мәлімдегеніне қарамастан, Сот ҚМ ММЖК-ға осы талқылау туралы хабарлама жіберуге өкім берді. Хабарламаны Сот аппараты жіберді, бірақ, білуімізше, ҚМ ММЖК тарапынан қандай да бір жауап берілген жоқ немесе ден қойылған жоқ. Сотқа ҚМ ММЖК-ны талқылауға қатыстыру туралы өтініш берілген жоқ және ҚМ ММЖК-ның келісімініз Соттың бұл үшін қандай да бір юрисдикциясы болуы күмәнді.
18. Тараптар ресми түрде ұсынған қарама-қарсы позициялар бойынша көтерілген мәселелерге қатысты АХҚО соты негізделген және әділ шешім шығаратынына тараптардың келісетіндігі туралы Сот барынша ақпараттандырылды. Жауапкерлер сонымен қатар, шын мәнінде, Бас прокурорға қарсы болып отырған сот талқылауын жергілікті қазақстандық соттардағы талқылау шеңберінде жүргізгісі келмейтіндерін сездірді. Алайда, бұл барлық мүдделі тараптардың Бас прокурор бастамашылық еткен немесе ҚМ ММЖК бастаған қазақстандық соттардағы сот талқылауында қаралуға бейімдігін осы Сот істей алатынның ішінен ешнәрсе жоя алмайды. Бұған 2009-2012 жылдар аралығында (жоғарыдағы 8-тармақ) және 2023 жылы (жоғарыдағы 14-тармақ) акциялар бойынша алдыңғы, Назарбаев мырза мен ААМЗ, сондай-ақ PLS-TM қатысқан талқылаулар дәлел. Бұзушылықтарды жою туралы ұсынымды әкімшілік-құқықтық даулау сол сияқты кейбір мәселелер тек жергілікті қазақстандық соттарда ғана қаралуы мүмкін екенін көрсетеді (әкімшілік өндіріс АХҚО сотының юрисдикциясынан 2015 жылғы 7 желтоқсандағы № 438-V ҚРЗ Конституциялық Заңының (өзгерістермен қоса) 13-бабының 4-тармағымен тікелей алынып тасталды).
19. Осыған байланысты Сот тараптардан АХҚО соты Бас прокурор мен ҚР ММЖК жоқ болған жағдайда шығарған кез келген шешімнің салдары қандай болатынын сұрады. Жауап ретінде АХҚО сотының оның қарауына қойылған мәселелер бойынша шешімі ҚР ММЖК-ны ол өзінің хабарламасына жауап ретінде қабылдай алатын қандай да бір қадамдар немесе процедуралар атқаруға міндеттей алмайтындығына немесе атқару мүмкіндігінен айыра алмайтындығына келісім білдірілді. Бұл, соттың пікірінше, дұрыс болып табылады. Мұндай жағдайларда АХҚО сотының қандай да бір шешімі қандай да бір нақты проблеманы шешеді немесе бәлкім, жалпы алғанда зияткерлік мүддеден асатын бірдеңе болады деп шамалау қиын.
20. АХҚО соты коммерциялық қоғамдастыққа дауларды ағылшын жалпы құқығына сәйкес процедураның негізінде құқықтық шешуді қамтамасыз ету үшін жұмыс атқарады, кез-келген жарамды жағдайда ол осымен айналысып та жүр. Алайда, Регламенттің 26-бабының 10-тармағы Сот іс-әрекеттен тартынуы тиіс жағдайлар, олардың саны, бәлкім, аз болғанымен, орын алуы мүмкін екенін регламенттейді.
21. Осы екі істің әрқайсысында, мен баяндаған ой-пікірді ескере отырып, Сот тараптардың айқын білдірілген келісімінің салмақтылығына қарамастан, АХҚО соты осы екі істе қозғалған мәселелер бойынша шешім шығару жолымен өз юрисдикциясын жүзеге асыру АХҚО соты үшін



мақсатқа сәйкессіз және орынсыз болады деген қорытындыға келді. Бұл мәселелер жалпы юрисдикция соттарында, не болмаса мүліктің сатылуын кез келген даулауды ілгерілетуге нақты мүдделі ҚМ ММЖК-ның бастамасы бойынша, немесе, ең болмағанда, жалпы юрисдикция соттары қамтамасыз ете алатын, сот қабылдауы мүмкін кез келген шешіммен ҚМ ММЖК байланатын жағдайларда шешіле алады және шешілуі тиіс. Регламенттің 26-бабының 1-тармағына сәйкес, АХҚО соты өз юрисдикциясынан бас тартады. Тараптар осы шешімнен туындайтын мән-жайларға байланысты өздерінің не істеулері керектігін өздері шешуі тиіс. Алайда, егер кез-келген Тарап бүгіннен бастап 21 күн ішінде осы талқылау барысында келтірілген шығыстарға қатысты ұсынымдар жасаса, сот олардың кез келгенін қабылдайды және қарайды.

Сот қабылдады,

Мәртебелі Лорд Манс,
АХҚО сотының Төрағасы

Өкілдік ету:

№: AIFC-C/CFI/2022/0031 ic

Талап қоюшының атынан сыртқы тәуелсіз заңгер Мақыш Есқараев мырза өкілдік етті, Астана қ., Қазақстан.

Жауапкердің атынан сыртқы тәуелсіз заңгер Владислав Быков мырза өкілдік етті, Астана қ., Қазақстан.

№: AIFC-C/CFI/2022/0032 ic

Талап қоюшының атынан сыртқы тәуелсіз заңгер Мақыш Есқараев мырза өкілдік етті, Астана қ., Қазақстан.

Жауапкердің атынан сыртқы тәуелсіз заңгер Динара Әбжанова ханым өкілдік етті, Астана қ., Қазақстан.